



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 22 мамыр

Данияр Ақышев – Қазақстан орнықты экономикалық өсу бағытына шығуда

Бүгін Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышевтың Қазақстанның Еуропалық Бизнес Қауымдастығының (ҚЕУРОБҚ) өкілдерімен кездесуі өтті, ол жыл сайын Қазақстанның макроэкономикалық даму үрдістері және Ұлттық Банк жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты туралы бизнес-қоғамдастыққа хабарлау мақсатында өткізіледі.

Іс-шараға қатысушылар алдында сөз сөйлей отырып, Д. Ақышев Қазақстан Ұлттық Банкінің өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік беретін осы өзара іс-қимыл тұғырнамасын қолдау көрсетуге мүдделі екендігін атап өтті.

Ол бүгінгі күні Қазақстан экономикасының орнықты экономикалық өсудің бағытында екендігін атап өтті. Үрдістерді күшейту үшін макроэкономикалық тұрақтылықты және ақша-кредит және бюджет-салық саясатының болжамдылығын сақтау, шетелдік капитал үшін инвестициялық климатты одан әрі жақсарту, сондай-ақ экономиканы әртараптандыру Ұлттық Банк пен Үкімет үшін басымдық болып қалады.

«Ұлттық Банктің табысты жұмысының маңызды талабы инфляцияның төмен деңгейі, сондай-ақ тұрақты жұмыс істейтін қаржы жүйесі болып табылады. Ұлттық Банктің негізгі мақсаты ретінде баға тұрақтылығын қамтамасыз етуді біз белгіленген бағдарларға сәйкес жүзеге асырамыз. Ағымдағы жылы олар 5-7% дәлізде айқындалған. 2020 жылдың соңына дейін біздің мақсатымыз – 4%-дан төмен», - деді ол.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы халықаралық тәжірибеге сәйкес инфляциялық таргеттеу және теңгенің еркін өзгермелі айырбастау бағамы ақша-кредит саясатының барынша қолайлы режимі болып табылады деп атап өтті.

«Егер осы режим кезіндегі біздің тәжірибені қарасақ, 2 жылдан аз ішінде инфляцияның деңгейін 2016 жылғы шілдедегі 17,7%-дық ең жоғары мәннен 2018 жылғы сәуірде 6,5%-ға дейін шамамен 3 есе төмендете алдық. Халық пен бизнестің инфляциялық күтулері бірталай төмендеді және төмендеуін жалғастыруда. Еркін өзгермелі айырбастау бағамының арқасында теңге құнының іргелі факторларға сәйкес келуі қамтамасыз етілді. Теңгенің объективті құнын қалыптастыратын ақша нарығы тұрақтанды. Ақша құнын реттеу үшін ақша-кредит саясаты құралдарының толыққанды жиынтығы жасалды, онда маңызды рөлді Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттары атқарады», - деді Д. Ақышев кездесудің қатысушыларына.

Қазақстан Ұлттық Банкі басшысының айтуынша, Қазақстанның ақша нарығының перспективасы бейрезиденттердің Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарына қатысуының өсуімен де айқындалады. «Соңғы жылы олардың үлесі айналыстағы барлық ноттардан шамамен нөлден 10%-ға дейін өсті. Мемлекеттік бағалы қағаздарды Clearstream тетігі арқылы сатып алу бойынша жобаны енгізу арқасында бұл үрдіс, менің пікірім бойынша, жалғасуын табады. Лондонда 27 маусымда осы жобамен таныстыру өтетінін атап өткім келеді. Мен Сіздерді оған қатысуға шақырамын», - деп түйіндеді Д. Ақышев.

Валюталық реттеу қағидаларының өзгерістері туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев ҚЕУРОБҚ өкілдерімен кездесуде айтып берді

Валюталық реттеу қағидаларының өзгерістері туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев бүгін Алматы қаласында өткен ҚЕУРО БҚ өкілдерімен кездесуде айтып берді.

«Өткен жылы біз шетелдік инвесторлармен белсенді түрде өзара іс-қимыл жасадық және бірлескен күш-жігеріміздің арқасында келісілген шешім таба алған сияқтымыз. Резиденттік мәртебесі бойынша филиалдардың мүддесі барынша ескеріліп, олар үшін валюталық режимнің ырықтандырылған қағидаттары сақталды», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Атап айтқанда, ол филиалдар валюталық шарттарды тіркеуден және шетел валютасын сатып алу мақсаттары бойынша шектеулерден босатылғанын атап өтті. Филиалдар басқа филиалдармен және бас компаниямен есеп айырысуларды кез келген валютада жүргізуге құқылы.

«Олардың қазақстандық резиденттермен есеп айырысуларын теңгеге аудару жалғыз өзгеріс болып табылады. Біз Қазақстанда жұмыс істейтін компаниялар біздің экономикамыздың субъектілері болып табылатындықтан, біздің ұлттық заңнамамызға сәйкес жұмыс істеуге тиіс екендігін ақылға қонымды деп санаймыз», - деді Д. Ақышев.

Қорыта келе Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы өзгерістер мемлекет атынан жасалған келісімдермен қызметі реттелетін компанияларға қатысты емес екендігін баса айтып берді. Олар бейрезидент мәртебесінде қалады.

Банк жүйесін қалыпқа келтіру бастамалары туралы ҚЕУРОБҚ өкілдерімен кездесуде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді

2017 жылға дейін банк секторы 2008-2009 жылдардағы дағдарыс уақытынан бері келе жатқан проблемаларды баяу шешті. Факті бойынша, банк секторындағы проблемалар тоқтатылып қойылған болатын. Проблемалық қарыздар деңгейінің жоғары болуы жүйелік шешімдер қабылдауды талап етті. Алайда банктер көптеген жағдайларда консервативті позицияны ұстанды. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында ҚЕУРОБҚ өкілдерімен болған кездесуде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол проблемаларды нақты мойындаудың орнына банктер қайта құрылымдау жүргізіп, қарыз алушыларды қайта жіктегенін, бірақ банк жүйесінің балансы ауқымды түрде қалыпқа келтірілмегенін атап өтті.

«Сонымен бірге 2014 – 2017 жылдар аралығындағы соңғы төрт жылда орташа банктер экономиканы кредиттеу өсімінің жартысын қамтамасыз етті. Алайда бұл банктердің экономикадағы рөлі іс жүзінде мүлдем болмады. Орташа банктер кредиттеуді белсенді түрде акционерлермен байланысты тұлғалармен және материалдық емес кепілдерді кепілге ала отырып, айтарлықтай ырықтандырылған кредит саясатын жүргізді. Осындай кредит саясатының нәтижесінде орташа банктер үлкен қаржылық проблемаларға тап болды. Бұл проблемаларды анықтай отырып, біз банк секторын қалыпқа келтіру жөніндегі шаралар кешенін іске асырудың оңтайлы шешімдерін әзірледік деп ойлаймыз. 2017 жылы Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы әзірленіп, іске асырылды», – деді Д.Ақышев.

Оның айтуы бойынша, банк секторын қалыпқа келтірудің басты бағыттары біріншіден, Казкоммерцбанкті қалыпқа келтіру және оны алдағы уақытта Қазақстан Халық

Банкімен біріктіру болды. Мемлекеттің қолдауы нәтижесінде халықтың депозиттері, мемлекеттік және жеке компаниялардың 4,5 трлн. теңге сомадағы қаражаты сақталды.

Екіншіден, бұл бес әлеуметтік маңызды және ірі банкті қолдау. Оларда халықтың 2 трлн. теңгеден астам депозиті орналастырылды және квазимемлекеттік компаниялардың 2,2 трлн. теңге депозиті мен шоттары орналастырылды.

Үшіншіден, бұл Ұлттық Банктің тәуекелі жоғары саясатты жүзеге асыратын банкке алдын ала әсер ету бөлігіндегі қадағалау мандатын күшейту. Бұл тәуекелге бағдарланған қадағалау, ол банк секторындағы проблемалардың қайталануына жол бермейді және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүддесін қорғауды күшейтеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы тиісті заңнамалық өзгерістердің белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілгенін атап өтті.

«Жекелеген бағыт Қазақстанның банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасына енбеген орта және шағын банктердің проблемасын шешу болып табылады. Банктердің акционерлерімен оларды дамытудың одан кейінгі стратегиясы бойынша келіссөздер жүргізіледі. Бұл жерде акционерлер оларға банктік бизнестің қажет не қажет емес екені және олар банктердің капиталына ақша салуға дайын не дайын емес екені жөніндегі мәселелерді шешуге тиіс», - деп түйіндеді Д. Ақышев.

Данияр Ақышев – Біздің алдымызда сақтандыру нарығын реттеуді жетілдіруге қатысты бірқатар міндеттер тұр

Біздің алдымызда сақтандыру нарығын реттеуді жетілдіруге қатысты бірқатар міндеттер тұр. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында ҚЕУРОБҚ өкілдерімен болған кездесуде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

«Сақтандыру нарығын реттеуді жетілдіру жөніндегі міндеттердің ішінде заңнаманы халықаралық практикаға сәйкес жетілдіру, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың қосымша тетіктерін жасау, Қазақстанның ДСҰ-ға және ЕАЭО-ға кіруін ескере отырып, сақтандыру нарығына қатысушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бар», - деді Д. Ақышев.

Ол заңнамалық бастамалар шеңберінде Парламенттің онлайн-сақтандыруды енгізуді, туроператордың жауапкершілігін сақтандырудан туристің өзін сақтандыруға өтуді, жүктелген сақтандыруды енгізуді, сақтандыру омбудсманының қызметін кеңейтуді, сондай-ақ өмірді сақтандырудың әлеуметтік маңызды өнімдері бойынша қосымша кепілдіктер енгізуді қарайтындығын атап өтті.

Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев қор нарығын дамыту бағыттары жөніндегі бастамалар туралы ҚЕУРОБҚ өкілдерімен кездесу барысында айтып берді

Өткен жылдан бері Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесіп Қор нарығын дамыту жөніндегі бірлескен іс-қимылдар жоспарын іске асыруда. Эмитенттердің қор нарығына шығу және бөлшек инвесторлар үшін сауда-саттыққа қолжетімділік рәсімдері жеңілдетілді, брокерлердің қызметі айтарлықтай ырықтандырылды және банк холдингтерінің инвестициялық мүмкіндіктері кеңейтілді. Бұл шаралар KASE-гі бағалы қағаздармен сауда-саттықты жандандыруға әкелді. Бұл туралы бүгін Алматы қаласында ҚЕУРОБҚ өкілдерімен болған кездесуде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтып берді.

Ол Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісін Орталық депозитарийге қосу арқылы бірыңғай есеп орталығын құру есебінен есеп айырысу және қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу жүйесін оңтайландырудың көзделіп отырғандығын атап өтті. Бұл нарық инфрақұрылымының тиімділігін арттыруға, инвесторлардың бағалы қағаздармен

операцияларды жүргізуге кеткен уақыты мен шығасыларын қысқартуға мүмкіндік береді.

«Алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені ескере отырып қор нарығының жұмыс істеу ортасы мен тетіктерін қалыптастыру корпоративтік басқару сапасы проблемасын шешпей тиімді болмайды. Корпоративтік дауларға және адал емес практикаға қадағалау, тәуелсіз директорлардың рөлін күшейту, акционерлер мен инвесторлардың қоғамдардағы мүдделерін қорғау қажет», - деді Д.Ақышев.

Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы аталған іс-шараға корпоративтік стандарттары айрықша жоғары компаниялар қатысып отырғанын атап өтті. «Өкінішке орай, аталған алаңнан тыс мұндай ұйымдардың саны аз, олар мүлдем жоқ деп те айта алмаймын, бірақ жеткіліксіз. Көп жағдайда бағалы қағаздардың әлеуетті эмитенттері болып табылатын компаниялар корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін енгізуге және корпоративтік ақпаратты ашуға әзір емес, қоршаған әлемнің тез өзгеруіне қарамастан, өзгеруге дайын емес. Менің ойымша, сіздердің тәжірибелеріңіз басқа отандық компаниялар үшін жақсы үлгі бола алар еді», - деді ол.

Сөзінің соңында Д. Ақышев Ұлттық Банк диалог үшін ашық екенін және инвесторлардың пікірі бойынша инвестициялар тарту процесін күрделендіруі мүмкін позицияларды талқылай келе, шетелдік инвесторларды қоса алғанда, бизнестің ұсыныстары мен ескертулерін қарастыруға әзір екенін атты.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz